

индукция является одним из основных факторов, благодаря которому этнос действует как единое целое.

Обобщая сказанное, мы определяем речевой имидж как гиперпрезентему, формирующую устойчивое мнение об объекте у определенной группы адресатов, возникшее в их психике на основе индивидуального образа посредством речевого воздействия конкретной языковой личности, и реализующуюся в презентационном дискурсе.

Представляется важным разграничить понятия *языкового* и *речевого* имиджа. Языковой имидж – феномен парадигматический, т.е. представляющий многокомпонентную парадигму речевых имиджей; при этом он соотносится с языком как *предметом* (согласно теории А.А. Леонтьева о речевой деятельности), в то время как речевой имидж, вписанный в контекст реального общения, соотносится с языком как *способностью*. Следовательно, языковой имидж существует в системном аспекте, речевой – в функциональном, где язык рассматривается как *процесс*.

Литература:

1. Залевская А.А. Психолингвистические исследования. Слово. Текст: Избранные труды. – М.: Гнозис, 2005. – 543 с.
2. Базылев В.Н. Синергетика языка: овнешнение в гадательных практиках. – М.: Диалог-МГУ, 1998. – 180 с.
3. Алефиренко Н.Ф. Живое слово: проблемы функциональной лексикологии. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 344с.
4. Слово – сознание – культура: сб. науч. трудов / сост. Л.Г. золотых. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 368 с.
5. Горчакова В.Г. Имидж: розыгрыш или код доступа? / В.Г. Горчакова. – Ростов н/Д: Феникс, 2011. – 252 [1] с.
6. Блэк М. Метафора//Теория метафоры. – М., 1990. – 345 с.
7. Чернявская Е.В. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия: Учеб. пособие. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 136 с.
8. Олянич А.В. Презентационная теория дискурса: монография. - Волгоград: Парадигма, 2004. – 507 с.

Осы бап сөйлеу имидждің синергетикалық табиғатының теориялық ұғынуына арналған - лингвистикалық имиджелогияның зерттеу нысанасы. Автор дискурс және оның жасаушы ағындары имидж деңгейде шығарады.

This article is devoted to theoretical judgment of the synergetic nature of speech image – object of research of an image science. The author deduces image on level of a discourse and its "power forming" streams.

Айтыс және имандылық

К. Досанова

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі айтыс өнерінің тәрбиелік мәні, нақты айтқанда имандылық мәселесі қозғалады. Діни сана-сезім мен діни көзқарастың ақындар аузымен тыңдарманға жетуі сөз болады. Қоғамдағы бүгінгі күннің мәселелерін жеткізудегі айтыскер ақындардың рөлі жыр жолдарымен айтылады. Дұрыс сөйлеу мен имандылық туралы Құран аяттары мен сүрелері келтірілген. Аталмыш мақалада қазіргі айтыс ақындарының имандылыққа қатысты өлең жолдары талданып, берілген.

Осыдан бірер жыл бұрын айтыс ақыны Мұхамеджан Тазабеков:

«Жігіттің жастық шақта еркі жеңер,
Сеніммен ұсталмаса сертің егер.
Аллаға – құл, адамға – ұл болу ғой,
Намазға кеп түйіссе тең тізелер.
Ақын намаз оқыса хақты танып,
Алдымен аузындағы сөз түзелер.
Он күнәнің тоғызы тілден екен,
Сөз түзелсе, иншалла, ел түзелер» [1;117], –

деп, тілге ие болудың имандылыққа оң ықпалы турасында босқа жырламаса керек. Осында ақынның «алдымен аузындағы сөз түзелер» деп, жыр арнасындағы әріптестеріне қарата айтылған сындарлы сөзіне біз де назар салып, қазіргі айтыс ақындарының имандылыққа қатысты өлең жолдарына мән бермекпіз.

Бір ақын былай деген екен:
Ей, адам баласы тіліңе ие бол!

Сені шағып алмасын.
Себебі, ол – жылан.
Қабірлерде кездесуде батырлар да шошитын,
Қаншама тілінің құрбаны жатыр.
Екінші бір ақын айтқан:
Адам, тілінің сүрінуінен өледі,
Аяқтың сүрінуінен өлмейді.
Тілімен сүріну – оның басын кетіреді,
Ал, аяқпен сүріну ақырындап жазылады [2; 246].

Сондықтан, мұсылман адамның бірде-бір бос сөз сөйлемегені жөн. Ол дінінде пайдалыны айтумен ғана сөйлеу тілінен сақтануы тиіс. Егер бір сөзді айпақшы болса, әуелі онда пайда бар ма, жоқ па қарасын! Егер пайдасы болмаса, онда ол сөзден тыйылсын. Егер пайдасы болса, онда сол сөзді айтумен одан да пайдалырақ сөзді жіберіп қоймаймын ба деп ойлансын! Бұнымен оны зая етіп алмасын [2;247].

Егер жүректегі нәрсеге дәлел іздемекші болсаңыз, бұған тілден дәлел ізденіз. Өйткені, тіл иесі қаласын, қаламасын жүрегіндегі нәрселерден сізді хабардар етеді. Яхия ибн Муъаз айтқан: «Жүрек – ішіндегілерімен қайнап жатқан қазан тәрізді. Ал, сөйлеу тілі – оның шөміші. Сондықтан, бір адам сөйлеп жатқанда, қараңыз. Себебі, оның тілі жүрегіндегі нәрсені шөміш тәрізді шығарып береді. Оның сөйлеу тілі төтті ме, қышқыл ма, тұщы ма, ащы ма жүрегіндегілерді шығарып тұрады. Бұдан тысқары сізге, оның жүрегіннің дәмін тілінің шөміші баяндап береді». **Хилитул – Әулие 1063** [2; 247].

Айтыстағы имандылықты сөз еткенде, алдымен ақындарымыздың сөз бастау тәсіліне көңіл бөліп көрелік.

Ал, сөзімнің басы – Бісміллә, рахманир рахим,
Жаратқан ием жар болса, кең көсілер бұл ақын [1;26].
(Жәкен Омаров)
Бісміллә, оңғарылса тілім хақтан,
Жұртыма жыр ұсынам тың ырғақтан [1;71].
(Дәулет-керей Кәпұлы)
Мейірімінді көріп мен иілемін,
Меккеге жеті ай жүріп барған құлдай.
Иманды сөзім сіңсін жүрегіңе,
Әулиеге әуеден тамған нұрдай...
Алладан жәрдем тілеп сөз бастайын,
Намаздан жығылмаған нар Жамбылдай [1;112].
(Мұхамеджан Тазабеков)
Ағайын, армысыздар Алладан соң,
Ақынға отыратын нұр ұсына...
Мұбарак болсын құрбан айттарыңыз,
Табарак ырыс қосып ырысыңа.
Наурызда Тәңіріден тілейтінім –
Сабыр берсін батыс пен шығысыңа [1;113].
(Бекарыс Шойбеков)

Міне, жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, ақындарымыз ешбір айтысты Алланың атын атамай сөз бастамайды. Алланы еске алумен жүректер орнығады. Бұл – иман келтіргеннің белгісі. Сөз басында Алладан жәр-

дем тілеу арқылы айтыстың соңына дейін көпшілік алдында тілден жаңылмауды мұрат етеді.

Адамның иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөз нарқына ерекше жауаптылықпен қарайды. Тіл өнерін бағалай білетін мұсылман халқымызда «тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп, тіл мен сөздің маңызын тани білген.

Құранда «Аллаһ жаман сөздің жария болуын жақсы көрмейді» «**Ниса**», **148-аят** – деп, бұрыс сөйлеуге тыйым салып, «ең сыпайы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар» «**Исра**», **53-аят** – деп жақсы, дұрыс сөйлеуге бұйырады [2; 156-157].

Құраннан нәр алып және оған амал еткен бабаларымызда өз еңбектерінде тілдің тәрбиелік мәнін ашып, тілден келетін зияннан сақтандырған.

ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн:
Аллаһ адамдарды жаратты, үздік етті,
Оған өнер білім, ақыл-сана берді...
...Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл,
Ердің мерейін көтеретін тілді біл...
...Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар...
...Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді [2; 157], –

деп «білімсіздің сөзі өзінің басын жейтінін» ескертіп, екі дүние бақытына жету үшін адам баласын «халықтың бәріне ісімен де, сөзімен де игілік етуге» шақырады. Абай ақын:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ [3; 60], – дейді.

Мұндағы өсек, өтірік, мақтан – тілмен байланысты. Ендеше, айтыста ақындарымыз бос сөзге ерік берген сәттерді халық қалап жатпасы анық. Елдің көкейінде жүрген мәселелерді жыр түйдегімен жеткізгенін қалайды. Ел құлағына шалынып жүрген елдегі мәселелерді тіл шанышқысымен шаншып, кездігімен кескенді, ақиқатын айтқанын тілейді. Ар-иманы биік, сана-түйсігі жоғары ақын азаматтар әрдайым қоғамдағы жайттарды елеусіз қалдырмайды. Алаштың ардақты ақынына айналған Аманжол Әлтаев Жәкен Омаровпен бір айтысында қазіргі қоғам жайлы былай деп ой толғайды:

Әзірге ісі оңға басар емес,
Жемқорлық жанымыздан қашар емес.
Бір өзі еңбек етіп мешіт салған,
Кешегі Құнанбайлар осал емес.
Бұл күннің қажысы мен қалмалысы,
Халқына ондай рахым жасар емес,
Халқының садақаға берген пұлы,
Мұфтидің айлығынан асар емес.
...Қазіргі кей қазаққа таң қаламын,
Меккеге барып келіп арақ ішкен [1;32], –

дей келіп, қажылыққа адал тапқан қаржыңмен бару керектігін Алла атымен ескерте кетеді:

Парамен, жемқорлықпен тапқан ақша,
Қажылық ырымына жарамайды [1;32].

Сол айтыста әріптесі діни оқуда жүрген Жәкен
Омаровтың дінді құрғақ сөзбен айтып, ел кө-
кейіндегі мәселелерді толғай алмағанына рені-
шін білдіреді:

Ілімнің бойла, інім, тереңіне,
Ел сонда иланады дегеніне,
Алаштың мұн мен зарын айта алмасаң,
Молда боп бұл пәниде керегі не? [1;33].

«Жетім көрсең, жебей жүр» деген қазақ хал-
қында ата-анасыз қалған сәбилерді шет елге сату
үрдісі белең алған тұсты ақындарымыз көзден
таса қылған жоқ. Ақынның сүйенері – тіл.
Ашынған тіл айтпасқа қоймайды.

Жетім пана таппаса аулымыздан,
Не пайда аулымыздың барлығынан?
...Жетімдердің қамқоры бола алмасақ,
Не пайда хандығыннан, нарлығыннан? [1;39] –

деген Ермек Жұматаевтың сөзіне Аманжол
Әлтаев былай деп жауап береді:

Бейкүнә жетімдерді шетке берсек,
Қазақты кешірмейді құдайымыз [1;40].

Бұл ұлттық мәселе Баянғали Әлімжанов пен
Тілеген Әділовтің айтысында да сөз болады.
Баянғали:

Елірген бүгін кей біреу,
Ақшасы көп шетелге
Сатып та жатыр баланы [1;91], – дейді.

Аллаға серік қосу, өзге дінге мойын бұрып
адасушылық қазіргі қоғамда жаңалық болудан
қалды. Естіп жатсақ, таң қалмайтын дәрежеге
жеттік. Бұл – қасірет. Оны айтпаса, аузы дуалы
ақындарымыздың тіліне теріскендей қадалып
түр. Бекарыс Шойбеков:

Рахмет, мешітінді бітіріпсің,
Күмбездерін көмкеріп, ғажап етіп.
Бір терінің пұшағын илейміз ғой,
Бір мешітте жүрген соң намаз оқып.
Бірақ кейбір жайларды айтпай болмас,
Ішімді жатқаннан соң қажап өтіп.
Кришнаит болып кеткен қазақтар бар,
Ала алмай жүрсек біздер қазақ етіп.
Алдамшы қорлар менен кулар да көп,
Қалың елге баратқан азабы өтіп.
Бұл жақта сендер бар деп сенуші едік,
Көрінгенге қоймас деп мазақ етіп.
Япыр-ау, ару қала Алматымды,
Не күйге түсіргенсің, Тазабеков? [1;116]–

деп, өзі өмір сүріп отырған қоғам көрінісіне
бей-жай қарай алмайтындығын жеткізеді. Бұл
жерде Алматыдағы белең алған келеңсіздікке
әріптесінің еш кінәсі жоқ екенін біле тұра ақын-
дық тәсілімен Мұхамеджаннан ұтқыр жауап
күтеді. Елдегі жайды ақын досы күйзеле жыр-
лап тұрғанда, сөзден тосылар Тазабеков пе екен?!
Бекарыстың ойын былайша жалғап кетті:

Он жылда әрең біткен қасиетті үй,

Жалғанға жарық нұрын шашып келді.
Жартылығын қойынға жасырғандар,
Молданың да моласын қазып келді.
Мешіт салып берді деп маз қыламыз,
Харамнан қаржы жиған кәсіпкерді.
Дінге бас-көз боп жүрген Тәжин көкем,
Тартты деп айта алмаймын таспиқтерді.
Қазақтың діндарлығы сол емес пе,
Мешітін де Храпунов ашып берді.
Сүндеттелген көсемің жоқ па еді деп,
Сүйегіме таңбасын басып берді [1;118], –

деп замандастарының ұлттық намысты төмен-
детпей, имандылықтың тазалықпен келуіне үн
тастайды. Әрбір сөздерінде шындықты шарпып
өтетін Мұхамеджан мен Бекарыстың дәл осы
айтысында имандылық мәселесі тереңнен қоз-
ғалды десе де болады.

Мұхамеджан:

Имансыз бұл қоғамда не істелмей түр,
Қалталылар қалғанын көзге ілмей жүр.
Пайдасы өз басынан аспайтындар
Халықтың көз жасынан сескенбей түр.
Бесік жыр естімеген белсенділер,
Бес күндік екеніне дес бермей жүр.
Құранды сыйға тартсаң алмайтындар,
Құдайдың бар екенін ескермей түр.
Адамның таза болса ой дәптері,
Басына бақ пен дәулет қонбақ тегі.
Бір кезде Түргүт Өзал намазға кеп,
Тұрғанда ел көңілі толмап па еді.
Кешегі Димекең де жұманы оқып,
Шарифатты білген ғой бойлап тегі.
Тек Құдайдан қорыққан текті атамыз,
Мәскеудің сан қаулысын жоймап па еді.
Өліктерді өртейтін Алматыда
Крематорий салғызбай қоймап па еді.
Сол Алматы бұл күнде тәнін сатқан
Тірі өлікке толар деп ойлап па еді?
Қазағым, кейде рас құлагерсің,
Құлагер қашанғы енді құлап өлсін.
Жарнамаға алданған жастарымыз,
Көңіліне қалай иман шуақ енсін.
Патшаға шындықты айтар ақсақал жоқ,
Оған да халқым өзің куәгерсің.
Аузында қайдан оның дуа болсын [1;120-121], –

деп өз кезегінде барлық имандылыққа қатысты
қоғамдық өмірдің бүгінгі көрінісінің бар ащы
шындығын тіл астында қалтарыста қалдырмай,
күйіне жеткізеді. Ақынның еш сөзіне артық анық-
тама берудің қажеті жоқ. Бәрі де анық, айқын,
ең бастысы ақиқат. Осы айтылған салмақты сын
бірер ғана адамның болса да санасына түйін
берсе ақын сөзі желге ұшпады деуге болады.
Әрбір өлең жолдары терең ойға еріксіз қалды-
рады. «Шалын да, шауқанын да аямаған асыл
досының» батыл да шыншыл сөздеріне қарсы-
лас әріптесі Бекарыс та ризашылығын білдіреді.

Сөздің басын «Алла» деп бастаған ақында-
рымыз сөздің соңында да Алласын ұмытпаған.
Біз де осы мақаламыздың аяғын Аманжол
Әлтаевтың мына тілегімен аяқтағымыз келеді:

Заманның қиындығын жеңіп шығар,
Рух пен иман берсін қазағыма [1;40].

Әдебиеттер:

1. Қазіргі айтыс. Құраст.: И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2004. – 312 б.
2. Пендеге иман өзі ашады жол. – Алматы, 2006. – 336 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2003. – 296 б.

Статья посвящена воспитательным вопросам, затра-

гиваемым в айтысе, а также воспитательной роли искусства айтыс. Религиозное мировоззрение поэтов передается слушателям с помощью слова. Роль поэтов-импровизаторов заключается в том, чтобы своими песнями донести до слушателей злободневные проблемы общества. Приводятся примеры из глав Корана о культуре речи и нравственности. В данной статье проанализированы строки песни современных поэтов-импровизаторов, касающиеся нравственности.

This article is about the educational sense of art aitys, concretely the theme is the religiousness. It was written about the way of poets to convey the listener the religious consciousness and religious view. In lines of poetry it was spoken about the role of poets in telling about today's problems of society. There are verses and suras of Koran about religiousness how to talk right express thoughts. In this article are given and have been discussed lines of poets' poems about the religiousness.

Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі

Ж. С. Ергубекова

А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің PhD докторанты, Түркістан, Қазақстан

Аннотация. Мақалада эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген кейіпкерге байланысты бейнелері жасалынатындығы, бұл бейнелердің когнитивтік лингвистикада адамның тілдік концептуалдық моделі ретінде зерттелінетіндігі айтылды; эпикалық «батыр» концептісіне лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау жасалып, концептілер жүйесінде қарастырылды.

«Адам» концептісі – батырлар жырында тікелей «батыр» концептісі. «Батыр» концептісі батырдың асынған қару-жарағы, мінген аты, бірге туған бауыры, батырды, яғни балаларын құдайдан сұрап алған атасы мен анасы, сүйген аруы концептілерімен толығады. Сонда «батыр» концептісі тек жеке бір өзі емес, оны қоршаған ортасымен берілуі тиіс, олардың әрқайсысы жеке-жеке концептілер жүйесі болып табылады. Бұл концептілердің біразына мақалада талдау жасалынды. Олар «батыр» концептісінің микроконцептілері болып есептелінеді.

Қазақ эпикалық фольклорының лингвоментальды кеңістігінде «адам» концептілері басты орын алады деп айта аламыз. Бұлай дейтініміз, эпикалық фольклордың басты кейіпкері – адам болып табылатындығында: эпикалық мәтінде адам туралы, адамға қатысты оқиғалар жайында баяндайды. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың ұстанымдары бойынша бүкіл тілдің негізгі сипаты – оның антропоэкетілігі, яғни «Тіл мен адам» біртұтас құбылыс немесе бір құбылыстың екі жағы. Когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану

т.б. тіл білімінің салалары антропологиялық лингвистика идеялары, қағидалары мен арналары арнасында қалыптасып дамыды.

Эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген «кейіпкерге байланысты» бейнелері жасалынған, бұл бейнелерді когнитивтік лингвистикада *адамның тілдік концептуалдық моделі* ретінде қарастыруға болады.

Адамның концептуалдық моделі эпикалық фольклордағы лингвоментальды кеңістігінің, яғни концептосферасының белгілі бір құрылымдық бірлігі болып табылады, сондықтан эпикалық фольклорлық мәтіндеріндегі адамның концептуалдық моделін біз *эпикалық адамның концептуалдық моделі* деп атаймыз. Адам бейнесінің қалыптасу ортасына және тарихи-генетикалық сипатына қарай эпикалық, ортағасырлық, немесе көне түркі, заманауи, әлеуметтік, этникалық, әдеби (романдардағы немесе поэзия, драматургия т.б. шығармалардағы) адамның концептуалдық моделі деп ажыратып қарастыруымызға болады. Адамның осы тілдік концептуалдық модельдерінің бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктері және айырма-